



## БҰЙРЫҚ

31 05 2017

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№ 104

город Астана

### Об утверждении годовой финансовой отчетности и распределении чистого дохода акционерного общества «Казавиаспас» за 2016 год

В соответствии с подпунктами 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», пунктом 3 постановления Правительства Республики Казахстан от 26 июля 2007 года № 633 «О дивидендах на государственные пакеты акций и доходах на государственные доли участия в организациях, пунктами 23 и 24 статьи 7, пунктами 26 и 28 статьи 8 Устава акционерного общества «Казавиаспас», протокол Совета директоров акционерного общества «Казавиаспас» от 30 мая 2017 года № 21, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) годовую финансовую отчетность акционерного общества «Казавиаспас» (далее – Общество) за 2016 год (010000, город Астана, улица Б. Майлина 4/1, БИН:050440005787, ИИК: KZ898210439858161226, АО «Bank RBK», БИК:KINCKZKA);

2. Президенту Общества (Досымбеков М.Д.):

в течение десяти рабочих дней со дня утверждения годового финансового отчета обеспечить направление электронного отчета в организацию по ведению депозитария финансовой отчетности;

в течение тридцати календарных дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать в средствах массовой информации годовую финансовую отчетность Общества за 2016 год.

3. Отметить, что в течение отчетного 2016 года обращений акционера на действия Общества и его должностных лиц не поступало.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

5. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества и вступает в силу со дня его подписания.

**И.о. Председателя  
Комитета по чрезвычайным ситуациям  
Министерства внутренних дел  
Республики Казахстан**



**С.Битаев**



## БҰЙРЫҚ

2017 и 31.05

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№ 104

город Астана

### «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының 2016 жылға жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза кірісін бөлу туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер және ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысының 3-тармағына, «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамы Жарғысының 7-бабы 23 және 24-тармақтарына, 8-бабы 26 және 28-тармақтарына, 2017 жылғы 30 мамырдан «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының № 21 хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына:

1) «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2016 жылға жылдық қаржы есептілігі бекітілсін (010000, Астана қаласы, Б. Майлин көшесі 4/1, БСН:050440005787, ЖСК:KZ898210439858161226, «Bank RBK» АҚ, БСК:KINCKZKA);

2. Қоғамның Президенті (М. Д. Досымбеков):

жылдық қаржы есептілігі бекітілген күнінен бастап он жұмыс күн ішінде электронды есепті қаржы есептілігінің депозитарийін жүргізу бойынша ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қоғамның 2016 жылға арналған жылдық есептілігін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Есепті 2016 жыл ішінде акционерден Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылдарына шағымдар түспегендігі аталып өтсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Ішкі Істер Министрлігінің  
Төтенше жағдайлар комитетінің  
төрағасының м.а.**




**С. Битаев**

«Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының  
2016 жылға жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза кірісін бөлу  
туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше  
жағдайлар комитеті төрағасының  
2017 жылғы «31» 05 № 104 бұйрығына

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

С. Жұматов

 31.05.17г.

Б. Жоламанова



орынд. Ә. Бектемірова  
Ішкі. тел. 14574